

## Каспий тұрба құбыры консорциумына үлестік қатысу мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 5 желтоқсан N 1490

Мұнай-газ саласына, оның ішінде Қазақстан Республикасында экспорттық мұнай тұрба құбырын құруға шетел инвестицияларын тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің "Амоко" (АҚШ) компаниясының қатысуымен бірлескен кәсіпорын құру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрі Н.Ө.Балғымбаевқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан "Амоко" компаниясымен бірлескен кәсіпорын құру туралы келіссөз жүргізуге өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бірлескен кәсіпорынға қазақстан тарапынан қатысушы ретінде "Амоко" компаниясының қатысуымен бірлескен кәсіпорын құру туралы келісімге қол қойсын, онда:

"Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының Каспий тұрба құбыры консорциумына қатысу үлесінен, ол қайта ұйымдастырылғаннан кейін "Амоко" компаниясының 50 процент пайда алуы, сондай-ақ "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясына тиесілі Каспий тұрба құбыры консорциумының мұнай тұрба құбыры қуатының 3 млн. тонна мөлшеріндегі бір бөлігін алуы;

"Мұнайгаз" компаниясының Каспий тұрба құбыры консорциумы

алдындағы барлық қаржылық міндеттемелері мен бірлескен кәсіпорын құруға байланысты шығындарды өтеуді "Амоко" компаниясының қабылдауы көзделсін.

4.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ алынып тасталды, 5-тармақ 4-тармақ болып саналды - ҚРҰ-нің 1997.02.12. N 205 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары жоғарыда аталған қызметті жүзеге асыру үшін қажетті шешімдер мен лицензиялар беруде көмек көрсететін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК